



**ҚР-ның ҚНМЕ А.2.2-1-2001 "Кәсіпорындар, үй-жайлар және ғимараттар құрылысына арналған жобалау-сметалық құжаттамасының құрамымен оны әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі туралы нұсқауды" бекіту жөнінде**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2001 жылғы 17 мамырдағы N 109 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 9 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1566. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 4 маусымдағы № 160-НҚ бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 04.06.2014 № 160-НҚ бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасындағы объектілер мен кешендерді жобалау жөніндегі нормативтік базаны бұдан әрі жетілдіру мақсатында

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. ҚР-ның ҚНМЕ А.2.2-1-2001 "Кәсіпорындар, үй-жайлар, ғимараттар құрылысына арналған жобалау-сметалық құжаттамасының құрамы мен оны әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі туралы нұсқауы" бекітілсін.

2. ҚР-ның ҚНМЕ А.2.2-1-2001 "Кәсіпорындар, үй-жайлар, ғимараттар құрылысына арналған жобалау-сметалық құжаттамасының құрамы мен оны әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі туралы нұсқауды" бекіту жөніндегі бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Комитет төрағасының орынбасары Х.С. Әбдірайымовқа жүктелсін.

Төраға міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының  
құрылыс нормалары мен ережелері

Кәсіпорындар, үй-жайлар мен ғимараттар  
құрылысының жобалау-сметалық құжаттамаларын

әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі мен құрамы туралы  
НҰСҚАУ  
ҚР-ның ҚНМЕ А.2.2-1-2001  
Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінің  
Құрылыс істері жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелеріне  
Ақпараттық мәліметтер

Әзірлеген: "Мемсараптама" РМК

Енгізілді: Құрылыс істері жөніндегі Комитетінің Құрылыстағы  
жаңа технологиялар, техникалық нормалау басқармасы

Ұсынылды: Құрылыс істері жөніндегі комитетінің ФТК-тің  
2001 жылдың "19" қазанындағы N 10-1 қаулысы

Бекітілді: Құрылыс істері жөніндегі комитетінің 2001 жылдың  
17 мамырындағы N 109 бұйрығымен

Мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қызметке енеді.

А.2.2-1-96 ҚР-ның ҚНМЕ-нің орнына "Кәсіпорындар, үй-жайлар мен  
ғимараттар құрылысының  
жобалау-сметалық  
құжаттамаларын әзірлеу,  
келісу, бекіту тәртібі және  
құрамы туралы Нұсқау"

---

Қазақстан Республикасының А.2.2-1-96 ҚР-ның  
Құрылыс істері \_\_\_\_\_ Қазақстан  
жөніндегі Кәсіпорындар, үй-жайлар мен Республикасының  
Комитеті ғимараттар құрылысының жоба А.2.2-1-2001 ҚР-ның  
құжаттамаларын әзірлеу, келісу, ҚНМЕ  
бекіту тәртібі мен құрамы туралы  
Нұсқау

---

## 1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Осы Нұсқау кәсіпорындар, үй-жайлар мен ғимараттар құрылысының\* жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі мен құрамын белгілейді және сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметтері субъектілеріне тапсырыс берушілердің, мемлекеттік басқару мен қадағалау органдарының, кәсіпорындардың, жобалау ұйымдарының, өзге де (оның ішінде шетелдік) заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы аумағында қолданылуына арналған.

Жобалау-сметалық құжаттама ол бекітілген күнінен бастап үш жыл бойы іске асыру үшін жарамды. Бұл мерзім өткеннен кейін қайтадан әзірленген жобалау-сметалық құжаттаманы қолданылып жүрген нормалар мен ережелерге, жаңа техникалық шарттарға сәйкес қарап бекіту үшін қажетті өзгеріс енгізіледі. Мерзімі өткеннен кейін нормалар мен ережелерге сәйкес белгіленген тәртіппен жобалау-сметалық құжаттаманы қайтадан жасау үшін қаралып, қайтадан бекітілген жаңа техникалық шарттарға қажетті өзгертулер енгізіледі.

1.2. Кәсіпорындар, үй-жайлар мен ғимараттар құрылысының инвестицияларына негізделген қала құрылысы құжаттамаларын, байқау объектілері мен жеке қоныстық үйлер құрылысының жобасы мен пәтерлерді қайта жобалау (қайта жабдықтау) құжаттамаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлердегі объектілер құрылысына арналған жоба құжаттамаларын әзірлеу тәртібі жекелеген нормативтік құжаттарда белгіленеді.

## 2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 2.1. Объектілер құрылысының жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеу

үй-жайлар, ғимараттар мен кәсіпорындар құрылысына бекітілген инвестициялардың негіздемелері мен өзге де алдын-ала жобалау құжаттамаларының (нобайлық жоба, бизнес-жоспар, қосымша құрылыстың бөлшектік жоспарының жобасы және тағы басқалар) негізінде жүзеге асырылады.

Құрылыстың Жобалау-сметалық құжаттамасы арқылы, қабылданған инвестициялық негіздемесінің шешімі мен негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері нақтыланады.

---

Құрылыс істері жөніндегі 2001 жылғы Мемлекеттік тіркелген комитетінің құрылыстағы "17" мамырдағы күнінен бастап жаңа технологиялар мен N 109 бұйрықпен қызметке енеді. техникалық нормалау бекітілген басқармасымен енгізілген.

---

2.2. Жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеу барысында Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, осы Нұсқауда қазіргі бар нормативтік талаптарды (шарттарды, шектеулерді), сондай-ақ құрылыс саласындағы инвестициялық қызметті реттейтін өзге де құжаттарды басшылыққа алу қажет.

2.3. Жобалау-сметалық құжаттама екі кезеңмен жасалады:

Бірінші сатысы - белгіленген тәртіппен бекітілуге жататын жоба;

Екінші сатысы - бекітілген жоба негізінде жасалған жұмыс құжаттамасы.

Техникалық күрделі емес объектілер үшін құрылыс үлгі жобасы, үлгі жобасының шешімі мен жобаны қайта қолданып орындалуы болжанады, осының негізінде бекітілген бөлімнен және жұмыс құжаттамасынан тұратын жұмыс ж о б а с ы ж а с а л у ы м ү м к і н .

2.4. Объектілер құрылысына арналған жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеуді белгіленген тәртіптегі жобалау қызметінің осы түріне мемлекеттік лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар іске асырады.

2.5. Жобаның бас жобалаушысы жобалау-сметалық құжаттамаларының сатысын жасайды, авторлық қадағалауды жүзеге асырады және құрылысы аяқталған объектіні қабылдауға қатысады.

2.6. Бекітілген жобаға өзгертулер мен толықтыру енгізу бас жобалаушымен мүдделі ұйымның немесе мемлекеттік органдардың келісімі бойынша жүргізіледі.

2.7. Объектінің құрылысын жобалау мердігерлік (өзара шарт) келісімімен тапсырыс берушімен бас жобалаушының келісім шартқа отыруы мен жобалау-іздістіру жұмыстарын орындауы негізінде іске асырылады.

Келісімнің (өзара шарт) ажыратылмайтын бөлігі жобалау тапсырмасы болып табылады. Бекітілген тапсырмамен бірге объект құрылысын жобалауға тапсырыс беруші жобалаушы ұйымға шығыс материалдарын А және Б қосымшаға сәйкес б е р е д і .

2.8. Тапсырыс беруші, келісім негізінде мемлекеттік лицензиясы бар өзге де заңды ұжымдары мен жеке тұлғаларына тапсырыс беруші өкілеттілігін бере а л а д ы .

2.9. Келісім-шартта (өзара шартта) тапсырыс берушіге берілетін жобалау құжаттамаларының құрамы туралы арнаулы талаптар айтылмаған жағдайда құрылыс құрылымының, технологиялық процестер мен жабдықтарының есептері оның құрамына енгізілмейді. Бұл материалдар тапсырыс берушіде немесе бас жобалаушыда сақталады және (қажет болған жағдайда) мемлекеттік жобаларды сараптау ұйымдарымен мемлекеттік қадағалау органдары талап еткенде беріледі.

2.10. Жобалау-сметалық құжаттамаларына тапсырыс беруші мен бас жобалаушы уақытылы, жобалау-сметалық құжаттамаларына жаңа нормативтік құжат күшіне енуіне байланысты қажетті өзгертулер енгізуге міндетті.

2.11. Жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу процесінде құрылған объект құрылысын жобалау барысында өнертабыстар мен патентті қолдану және өнертабыстарды құқықтық қорғау қолданылып жүрген заңнамаларға сәйкес жүзеге асырылады. (РҚАО-ның сілтемесі: Z990427\_ (11-14 баптар))

2.12. Үлгі жобалары (үлгі жобалар шешімі) бағдарлама (жоспар) жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптаудың дұрыс қорытындылары негізінде жасалып келешекте орталық атқарушы орган Сәулет, қала құрылысын және істері жөніндегі мемлекеттік басқармасының шешімімен бекітіледі (келісіледі).

2.13. Мемлекеттік қаржы немесе мемлекеттік инвестиция тарту негізінде салынатын объектілер үшін міндетті түрде сметалық құжаттама жасалынады, ал қалған жағдайларда оның жасалынуы тапсырыс беруші шешімі бойынша жү р г і з і л е д і .

### 3. ЖОБА ҚҰЖАТТАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ

#### Т Ә Р Т І Б І

3.1. Объект құрылысының жобалау-сметалық құжаттамаларын іске асыру құрылысқа бекітілген (мақұлданған) инвестиция негіздемесі мен алдын-ала жобалау құжаттары, келісім-шарт (жобалау тапсырмасын және қажетті шығыс мәліметтерді қоса алғанда) инженерлік ізденіс және сәулет-жобалау тапсырмасы жергілікті сәулет, құрылыс салу және құрылыс органдарымен тапсырыс берушінің өтініші бойынша берілген инвестициясы негіздемесінде жасалады, сондай-ақ жобаланушы объектіні инженерлік коммуникацияға қосудың техникалық шарттары.

3.2. Сәулеттік жоспарлау тапсырмасына сәулеттік, технологиялық және құрылымдық шешімдерге, сәулеттік объектінің ішін жабдықтауға, ішін әрлеуге қойылатын талаптарды, егер мұндай талаптар қолданылып жүрген заңдық және нормативтік құқықтық актілер ережелеріне, қала құрылысы құжаттамаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің айрықша бөлімінің нормаларына негізделмеген жағдайда, сондай-ақ тапсырыс беруші мен жоба авторының құқықтарын шектейтін өзгедей талаптарын енгізуге жол берілмейді.

3.3. Құрылыс объектілері мен кешендерін жобалауда арнайы жұмыс түрлерінің жобалау ережелері мен нормалары болмаған жағдайда тапсырыс берушіге ғылыми-зерттеу және арнайы ұйымдар тартылып, олардың жобаларының спецификасын бейнелейтін арнайы техникалық шарттары жасалынуы тиіс.

3.4. Мемлекеттік нормалармен, ережелермен, стандарттарға және жобалау тапсырмасына сәйкес әзірленген жобалау құжаттамасы жауапты орындаушының (жобаның бас инженері, жобаның бас сәулетшісі) сәйкес жазуларымен куәландырылуы тиіс және егер Қазақстан Республикасының заңдық кесімдерінде ерекше көрсетілмеген жағдайда қосымша келісімдер жасалмайды.

3.5. Нормативтік құжаттар талаптарынан негізделген орынды шегіністер тек осы құжатты бекіткен мемлекеттік органдардың келісімі (рұқсаты) болған жағдайда ғана жол беріледі.

3.6. Объект құрылыстары мен кешендерінің жобалау құжаттамалары Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік сараптаудан өтуі тиіс. (РҚАО-ның сілтемесі: P940830\_ V980671\_ )

3.7. Алдын-ала жасалатын және жобалау-сметалық құжаттамаларға мемлекеттік сараптама мына мақсаттарда жүргізіледі:

- объект құрылыстары бойынша инвестицияның тиімділігінің бағасы, мемлекет қаржысы есебінен қаржыланатын немесе оның меншігінде болған жағдайда ;

- мемлекет қаржы есебінен немесе оның меншігі есебінен қаржыланатын құрылыс объектілері бойынша инвестиция тиімділігін бағалау;
- жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың және мемлекет құқықтарын бұзатын құрылыс объектілерінің алдын-алу үшін ережелер мен нормалар бекітілген талаптарға (шарттарына, шектеулеріне) сай келмеген жағдайда;
- жобада алынған техникалық-экономикалық көрсеткіштердің қабылдану дұрыстығы деңгейін анықтауда;
- жобалау шешімдерін және құрылыс объектілері мен комплекстерінің сапасын жақсартуда.

3.8. Құрылыс объектілері мен кешендерінің жобаларын мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілетті заңды тұлғасымен жүргізіледі.

3.9. Мемлекет инвестициясынсыз қаржыланатын құрылыс кешендері мен объектілерінің құжаттамалары жарылу мен өрттен сақтандыру, конструкция беріктілігімен тұрақтылық қызметі және еңбек жағдайларымен оны қорғау шарттары бөлімдері мен мәселелерінен басқа сараптау жұмыстарын орындауға мемлекеттік лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалармен жүргізіледі.

3.10. Белгіленген тәртіппен мемлекеттік сараптаманы өтпеген жобалау-сметалық құжаттамалары (жобалар және жұмыс жобалары), аяқталмаған және келешекте бекітілуге, таратылуға жатпайтын болып есептеледі.

3.11. Құрылысы толықтай немесе жартылай мемлекет инвестициясы есебінен жүргізілетін мемлекеттік ұлттық бағдарламалар мен республикалық мақсатты бағдарламалар, сондай-ақ ірі және теңдессіз объектілер мен кешендер жобасына сараптама жүргізу мемлекеттік өкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылатын сараптау комиссиясымен (жұмысшы тобымен) жүргізіледі.

Көрсетілген бағдарлама мен жобаны бекіту сараптау комиссиясының (жұмысшы тобының) ұсынысымен Қазақстан Республикасының Үкіметімен жүргізіледі.

3.12. Құрылыс объектілері мен кешендерінің (жобалар және жұмыс жобаларын) (3.11. тармағында айтылғаннан басқа) жобалау-сметалық құжаттамалары мемлекеттің қаржысы немесе инвестициялық кредит есебінен Қазақстан Республикасы кепілдікке алынып, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысына Мемлекеттік жобаларды ведомстводан тыс сараптаудың дұрыс қорытындысы негізінде белгіленген үлгіде (құрылыстың сметалық құнының лимиті бойынша).

Жобалау-сметалық құжаттаманы бекіту техникалық- экономикалық көрсеткіштерді көрсету негізінде (В, Г, Д қосымшаларын қара), соның ішінде

құрылыс құны базистік немесе ағымдағы деңгей құны (ұлттық немесе шетел валютасымен) сәйкес органның (заңды тұлғаның) шешімімен (бұйрығымен) жүргізіледі.

3.13. Құрылыс объектілері мен кешендерінің салынуына мемлекеттің қаржысы тартылмаса, жобалау-сметалық құжаттамаларын бекітуге тапсырыс берушіге жобаларды ведомстводан тыс мемлекеттік сараптаудың оң қорытындысы негізінде осы Нұсқаудың 3.9. тармағына сәйкес тапсырыс берушінің шешімімен шаруашылық субъектілері - жеке меншіктілер және өзге де белгіленген тәртіппен бекітіледі.

3.14. Құрылыс объектілері мен комплекстерінің жобалау-сметалық құжаттамаларын қайта бекіту жобаларды бекіту үшін белгіленген үлгідегі (жұмыс жобасы) жүргізіледі.

#### 4. КӘСІПОРЫНДАР, ҮЙЛЕР МЕН ҒИМАРАТТАР ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ЖОБА ҚҰЖАТТАМАЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

4.1. Өндірістік мақсаттағы кәсіпорындар, үйлер мен ғимараттар құрылысының жобасы мынадай бөлімдерден тұрады:

- жоба төлқұжаты;
- жалпы түсініктемелік жазба;
- объектінің бас жоспар және көлік;
- технологиялық шешім;
- өндірісті кәсіпорынды басқару, қызметкерлер еңбегін және еңбек жағдайын ұйымдастыру;
- сәулеттік-құрылыстық шешім;
- инженерлік жабдықтар, желілер мен жүйелер;
- құрылысты ұйымдастыру (қажетіне қарай анықталған ғимарат көлемін жобалауға);
- айналадағы ортаны қорғау;
- азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық шаралары, төтенше оқиғалардың алдын-алу шаралары;
- сметалық құжаттама;
- инвестицияның тиімділігі (қажетіне қарай) және техника-экономикалық көрсеткіштер (3 қосымша);
- негізгі құрылыс материалдарының, бұйымдар мен конструкциялардың қажеттілігінің жиынтық ведомостысы.

Кәсіпорын, ғимарат мұқтажы үшін тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер жасау қажеттігі барысында жоба құжаттамасы құрамынан тұрғын



үй-азаматтық мақсаттағы объекті құрылысының жеке жобасы бөлініп алынады.

Ол осы Нұсқаунаманың 4.2-тармағына және елді-мекен құрылысы құжаттамаларының құрамы, әзірлеу, келісу мен бекіту тәртібі туралы нұсқаунамалық ережелерге сәйкес, кәсіпорын, ғимарат үшін ортақ техника-экономикалық көрсеткіштері мен өзара байланыстырыла әзірленеді.

Өндірістік мақсаттағы кәсіпорындар, үйлер мен ғимараттар құрылысының жобасы бөлімдерінің ұсынылатын құрамы мен мазмұны төменде келтіріледі.

#### 4.1.1. Жалпы түсініктемелік жазбаға енеді:

- жобаны әзірлеуге арналған негіздеме, жобалауға арналған бастапқы деректер, кәсіпорынның, ғимараттың және оның құрамына енетін өндірістердің қысқаша сипаттамасы, жобалық қуаты мен номенклатурасы, өнімдердің сапасы, бәсеке қабілеттілігі, техникалық деңгейі, шикізат базасы, отынға, суға, жылу мен электр энергиясына деген қажеттілік, шикізатты, өндіріс қалдықтарын, қайталама энергетика ресурстарын пайдалану туралы деректер;

- құрылыс ауданының әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайлары туралы мағлұматтар;

- бас жоспар, инженерлік желілер мен коммуникациялар бойынша негізгі көрсеткіштер, аумақты инженерлік қорғау жөніндегі шаралар;

- жұмыс істеушілердің еңбек жағдайы мен еңбегін қорғауды сипаттайтын жалпы мағлұматтар, санитариялық-эпидемиологиялық шаралар, еңбектің қауіпсіздігін және халықтың онша жинақы емес топтарының тіршілік қызметі жағдайын қамтамасыз етуші негізгі шешімдер;

- жобада қолданылған өнертабыстар мен патенттер туралы мағлұматтар;

- жобаны әзірлеу нәтижесінде алынған техникалық-экономикалық көрсеткіштер, оларды бекітілген (мақұлданған) объекті құрылысына инвестициялар көрсеткіштерімен және жобалауға белгіленген тапсырмамен, жобаны жүзеге асыру жөніндегі қорытындылармен және ұсыныстармен салыстырулар;

- жобалау шешімдерін келісу туралы мағлұматтар; әзірленген жобалау-сметалық құжаттамаларының мемлекеттік нормаларға, ережелерге, стандарттарға, бастапқы деректерге, сондай-ақ мемлекеттік қадағалау (бақылау) органдары мен объектіні орналастыру орнын келісу барысында мүдделі ұйымдар мен адамдар берген техникалық шарттар мен талаптарға сәйкестігін айғақтау;

- қолданымдағы нормативтік құжаттардан ауытқушылық туралы келісулерді белгіленген тәртіпте ресімдеу; көлемді-жоспарлау мен сәулеттік шешімдердің негізгі принциптері.

#### 4.1.2. Объектінің бас жоспары және көлік тараптарына енеді:

- құрылыс салынатын аудан мен алаңның қысқаша сипаттамасы; бас жоспар (аумақты аймақтарға бөлуді ескеру арқылы), ішкі алаңдық және сыртқы көлік,

көлік түрін таңдау жөніндегі шешімдер мен көрсеткіштер; негізгі жоспарлау шешімдері, аумақты көркейту жөніндегі шаралар; инженерлік желілер мен коммуникацияларды орналастыру жөніндегі шешімдер; кәсіпорын күзетін ұйымдастыру;

- негізгі сызбалар:

а) кәсіпорынды, үйді, ғимаратты орналастырудың ситуациялық жоспары, онда бұрыннан қолданылған және жобаланып жатқан сыртқы коммуникациялар, инженерлік желілер мен халық қоныстанған аумақтар, санитариялық-қорғаныш аймақтарының шекарасы, айрықша күзетілетін аумақтар көрсетіледі;

б) желілік (алаңнан сырт және ішкі алаңдық) құрылыстар үшін трасса жоспары, қажеттілік барысында - трассаның көлденең пішіні келтіріледі, жер алқабының картограммасы (желілік құрылыстардан басқа);

в) бас жоспар, оған бұрыннан қолданылған және жобаланып жатқан (қайта жаңғыртылатын) және бұзылуға жататын үйлер мен ғимараттар, айналадағы ортаны қорғау мен көркейту объектілері, аумақты көгалдандыру мен ішкі алаңдық инженерлік желілерді және көлік коммуникацияларын орналастыру жөніндегі принципті шешімдер, аумақтың жоспарлау белгілері салынады. Іске қосылатын кешенге енетін объектілер, желілер мен көлік коммуникациялары бөлініп көрсетіледі.

#### 4.1.3. Технологиялық шешімдері енеді:

- өндірістік бағдарлама туралы деректер; өндіріс технологиясы бойынша қысқаша сипаттама мен негізделген шешім, өнімдерді жасаудың еңбек өнімділігімен (станоксыйымдылығы), технологиялық процестерді механикаландыру мен автоматтандыру туралы деректер;

- қолданылатын жабдықтың, соның ішінде импорттық жабдықтың құрамы мен негіздемесі; қалдығы шамалы және қалдықсыз технологиялық процестер мен жабдықтарды қолдану, жылууды және тұтылған химиялық реагенттерді қайталап пайдалану жөніндегі шешімдер;

- жұмыс орнының саны мен олардың жарақтандырылуы; цехаралық және цехтық коммуникациялар сипаттамасы;

- өнім сапасын бақылауды ұйымдастыру жөніндегі ұсыныс;

- жөндеу шаруашылығын ұйымдастыру жөніндегі шешім;

- атмосфераға ұшырылатын және су көздеріне құйылатын зиянды тастамалардың көлемі мен құрамы (жекелеген цехтар, өндірістер, ғимараттар бойынша) туралы деректер;

- қоршаған ортаға зиянды заттарды тастау мен ұшырудың алдын алу (азайту) жөніндегі техникалық шешімдер; авариялық жағдайлардың туындау мүмкіншіліктерін бағалау және оларды болдырмау жөніндегі шешімдер;

- іске жаратылатын және көмілетін өндіріс қалдықтарының түрі, құрамы мен

м ө л ш е р і ;

- технологиялық процестердің отын-энергетикалық және материалдық  
б а л а н с ы ; .

- технологиялық мұқтаждарға арналған ресурстардың негізгі түрлеріне деген  
қ а ж е т т і л і к ;

- н е г і з г і с ы з б а л а р :

а) технологиялық процестердің принципті сызбалары;

б) жабдықтар мен көлік құралдарын орналастыруды көрсету арқылы  
корпустар (цехтар) бойынша технологиялық жоспарлау;

в) жүк тасқынының сызбасы;

г) бөлімді әзірлеген кезде техникалық жобалау салалық нормаларын  
б а с ш ы л ы қ қ а а л у қ а ж е т .

4.1.4. Өндірісті, кәсіпорынды басқару және жұмысшылар мен қызметшілердің  
еңбек жағдайын және еңбегін қорғауды ұйымдастыру Қазақстан Республикасы  
Еңбек министрлігінің нормативті құжаттарына сәйкес орындалады.

Бұл бөлімде мынадай мәселелер қаралады:

- кәсіпорынды және жекелеген өндірістерді басқарудың ұйымдық құрылымы,  
басқарудың автоматтандырылған жүйесі мен оны ақпараттық, функционалдық,  
ұйымдық және техникалық қамтамасыз ету;

- басқару қызметкерлерінің еңбегін автоматтандыру мен механикаландыру,  
жұмыс істеушілер саны мен кәсіптік-біліктілік құрамын есептеу нәтижелері,  
жұмыс орындарының саны мен жарақтандырылуы;

- жұмыс істеушілердің санитариялық-гигиеналық жағдайы. Еңбекті қорғау  
мен техника қауіпсіздігі жөніндегі шаралар, соның ішінде өндірістік шу мен  
дірілді азайту жөніндегі шешімдер; үй-жайлардың газдалуы, жылудың көптігі,  
еңбек жағдайы жайлылығының артуы т.б..

4.1.5. Сәулеттік-құрылыстық шешімдері енеді:

- объектінің сәулеттік шешіміне қысқаша сипаттама есебімен: құрылыс алаңы  
, оның орналасқан жері, мөлшері, қазіргі жағдайы мен қолданылуы, аумақтың  
экологиялық жағдайы туралы берілгендер, көлік және инженерлік-құрылыс  
ж а ғ д а й ы ;

- инженерлік коммуникация және ол бойынша өтетін немесе өнім сымдары  
аумағындағы, жоспарлы шектеулер мен заң күші бар құрылыс салу  
қ ұ ж а т т а р ы м е н ;

- снос талаптары бойынша; ғимараттар мен жабдықтарды ауыстыру,  
халықтың аз қамтылған тобының өмірлерін қамтамасыз ету, қосымша  
құрылыспен толтыру, құрылыс салу концепциялары, мәдениет және табиғат  
ескерткіштері, оларды қорғау зоналары мен айрықша реттеу зоналары;

- жерасты кеңістігін қолдану мүмкіншіліктері ережелері, сәулет-жоспарлау

тапсырмалары белгіленген талаптарды орындау;

- объектіні қамтамасыз ету үшін жобаланатын инженерлік ғимараттардың ш е ш і м і н с и п а т т а у ;

- жобаланатын объектінің негізгі сәулет-жоспарлау параметрлері;

- құрылыс алаңының инженерлік-геологиялық, гидрологиялық жағдайлары туралы мағлұматтар, негізгі үйлер мен ғимараттар бойынша сәулеттік-құрылыстық шешімдердің қысқаша сипаттамасы мен негіздемесі, өндірістік, тұрмыстық шу мен дірілді азайту, жұмыс істеушілерге санитариялық қызмет көрсету жөніндегі принципті шешімдердің негізделуі;

- электр, жарылыс және өрт қауіпсіздігі жөніндегі шаралар; құрылыс құрастырмаларын, желілерін және ғимараттарын тоттанудан қорғау;

- негізгі сызбалар: негізгі салмақ түсетін және қоршау құрастырмаларын схематикалық бейнелеу арқылы негізгі үйлер мен ғимараттардың жоспарлы қималары және қасбеттері, қажетіне қарай жобалау тапсырмасына сәйкес басқа да графикалық безендірулер материалдары.

4.1.6. Инженерлік жабдықтар, желілер мен жүйелері енеді:

- сумен жабдықтау, канализация, жылумен, газбен, электр энергиясымен жабдықтау, жылыту, желдеткіш және ауаны тазарту жөніндегі шешімдер, суды, отынды, электр энергиясын тұтынуды бақылау қондырғыларын орнатып есептеу және реттеу жөніндегі шаралар;

- үйлер мен ғимараттардың инженерлік жабдықтары, соның ішінде электр жабдықтары, электр жарығы, байланыс пен белгі беру, радиоландыру мен теледидар, өртке қарсы құрылғылар мен найзағайдан қорғау және т.б.;

- инженерлік жүйелерді басқаруды диспетчерлеу мен автоматтандыру;

- негізгі сызбалар :

а) жылумен, электр энергиясымен, газбен, сумен жабдықтаудың, канализацияның және т.б. принципті сызбалары;

б) инженерлік желілердің жоспарлары мен сұлбасы;

в) негізгі құрылыс жүйелерінің сызбалары;

г) жылу-желдеткіш құрылғыларының, электр энергиясымен жабдықтау мен электр жабдықтары, радиоландыру мен белгі беру, инженерлік желілерді басқаруды автоматтандыру т.б. көрсетілген негізгі ғимараттардың жоспарлары м е н с ы з б а л а р ы .

4.1.7. Құрылысты ұйымдастыру.

Осы бөлім қолданылып жүрген нормативтерге сәйкес және құрылыс қызметі нарығы туралы деректердің негізінде, жобалау жұмыстарын орындау шартында баяндалған жағдайлар мен талаптарды ескеру арқылы әзірленеді.

4.1.8. Қоршаған ортаны қорғау.

Бөлім мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттарға, республикалық

құрылыс органдары басқармасы бекіткен құрылыс нормалары мен ережелеріне, Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғау министрлігінің нормативтік құжаттарына және табиғатты қорғау қызметін реттейтін басқа да нормативтік актілерге сәйкес орындалады.

4.1.9. Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық шаралары, төтенше оқиғалардың алдын-алу жөніндегі шаралар.

Осы бөлім азаматтық қорғаныс, халықты және аумақтарды табиғи және техногенді сипаттағы төтенше оқиғалардан қорғау саласындағы нормалар мен ережелерге сәйкес орындалады.

#### 4.1.10. Сметалық құжаттама.

Кәсіпорындар, үйлер мен ғимараттар (немесе олардың кезектері) құрылысының сметалық құнын анықтау үшін Қазақстан Республикасы мемлекеттік Құрылыс істері жөніндегі ұйымның нормативтік-әдістемелік құжаттарында келтірілген ережелер мен нысандарға сәйкес смета құжаттамасы жасалады. Жобалау сатысында әзірленген смета құжаттамасы құрамында:

- түсініктемелік жазбада смета-нормативтік базаның қолданылуы, баға деңгейі мен басқа да мәліметтер, берілген құрылыс шарттарының ерекшелігі келтіріледі;

- құрылыс құнының жиынтық сметалық есептемелері; шығын мәліметтері;  
- объектілік және жергілікті сметалар;  
- шығынның жекелеген түрлерінің (соның ішінде жобалау және іздестіру жұмыстарының) сметалық есептемелері болуға тиіс.

Бұл құжаттамалар сараптамаға бекітілуге ұсынылады.

Жұмыс құжаттамалары құрамында:

- жиынтық смета болған жағдайда шығын жиынтығы;  
- объектілік және жергілікті сметалар.

Құрылыс құнын анықтау үшін белгіленген тәртіпте әзірленетін, күшіне енгізілетін және нақтыланатын, қолданылымдағы сметалық-нормативтік базаны пайдалану ұсынылады.

Құрылыс құнын тапсырыс берушінің смета құжаттамасында бағаның екі деңгейінде:

- қолданылымдағы сметалық норма мен баға негізінде анықталатын (тұрақты) деңгейде;

- сметаны жасау кезінде қалыптасқан ағындағы немесе құрылысты салу кезінде болжанған болжамды деңгейге келтіру ұсынылады.

Сметалық құжаттама құрамымен анықталған ағымдағы баға деңгейі негізінде тапсырыс беруші мен мердігер құрылыс өніміне шарттық бағаны қалыптастырады.

Жоба құрамындағы құрылыстың есептік құны құрылыс құнының

арттырылған көрсеткіштері негізінде, арттырылған сметалық нормативтермен ілгерілімді ұқсас жобаның құндық көрсеткіштері негізінде анықталады.

Қажет болған жағдайда жобалау-сметалық құжаттамасы дайындалған кезде құрылыс құны шетел валютасында есептелініп ағымдағы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі белгілеген курспен айналдырылуы мүмкін.

#### 4.1.11. Инвестиция тиімділігі және техника-экономикалық көрсеткіштер.

Жобаның тиісті бөлімдерін әзірлеу барысында алынған сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде инвестициялар тиімділігінің есептемесі жасалады. Жобаның экономикалық тиімді бағасы белгіленген тәртіппен және методикалық нұсқаулармен анықталады.

Жинақтап қорытылған деректер мен есептеме нәтижелері осы объекті құрылысына инвестицияны негіздеу құрамында, жобалау тапсырмасымен анықталған негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштермен салыстырылады және оның негізінде жобаны инвестициялау мен жүзеге асыру туралы түпкілікті шешім қабылданады.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды, үйлерді және ғимараттарды кеңейту, қайта жаңарту мен техникалық қосымша жарақтандыру жобаларында техникалық-экономикалық көрсеткіштер, тұтасынан объекті бойынша да кеңейту, өңдеу және техникалық қосымша жарақтандыру аяқталғаннан кейін қуаттың өсуі ретінде келтірілген.

#### 4.1.12. Жобаның тиісті бөлімдерінде келтірілуі керек:

- құрылыстағы жоба құжаттамалары жүйесінің (ҚЖҚЖ) мемлекеттік стандарттармен белгіленген нысанда қолдануға ыңғайластырылып жасалған жабдықтар спецификасын;

- жеке жасалатын жабдықтардың конструкторлық құжаттамаларын әзірлеуге бастапқы талаптарды, мұның өзі шартта (контрактта) айтылуы тиіс.

4.2. Тұрғын үй азаматтық мақсаттағы объектілер құрылысының жобалары мынадай бөлімдерден тұрады:

- жалпы түсініктемелік жазба;
- сәулеттік-құрылыстық шешім;
- технологиялық шешім;
- инженерлік жабдық жөніндегі шешім;
- айналадағы ортаны қорғау;
- азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық шаралары, төтенше оқиғалардың алдын-алу жөніндегі шаралары;
- құрылысты ұйымдастыру;
- инвестиция тиімділігі (қажет болғанда) және техникалық-экономикалық көрсеткіштер (4 және 5 қосымша);

- негізгі тұтынатын құрылыс материалдары, бұйымдар мен конструкциялардың жиынтық ведомостысы.

Осы бөлім халықты және аумақты, табиғатты төтенше жағдайлардан қорғау азаматтық қорғаныс ережелері мен нормаларына сәйкес орындалады.

4.2.1. Жалпы түсініктемелік жазбаға енеді:

- жобаны әзірлеуге арналған негіздеме; жобалауға арналған бастапқы деректер;

- құрылыс алаңын таңдау негіздемесі туралы мағлұматтар, объектінің қысқаша сипаттамасы; объектінің жобалық қуаты (сыйымдылығы, өткізу қабілеттілігі) туралы деректер;

- жұмыс істеушілер саны және кәсіптік біліктілік құрамы есебінің нәтижелері, жұмыс орындарының (тұрғын үйлерден басқа) саны туралы мағлұматтар, отынға, суға және электр энергиясына деген қажеттілік туралы деректер;

- құрылыс салу кезектілігі мен қала құрылысы кешендері туралы мағлұматтар ;

- жобаның негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері, өткізілген жобалау шешімдерін келісулер туралы мағлұматтар, әзірленген құжаттамалардың мемлекеттік нормаларға, ережелерге және стандарттарға сәйкестігі туралы айғақтау, техникалық пайдалану жөніндегі (тұрғын үйлер сериясы үшін әзірленіп жатқан, қайталап қолданылатын материалдар бойынша) шара л а р ;

- халықтың онша жинақы емес топтарының тіршілік қызметі жағдайын қамтамасыз ету жөніндегі негізгі шешімдер.

4.2.2. Сәулеттік-құрылыстық шешім (Сәулеттік жоба) құрайды:

- объектінің сәулеттік шешіміне қысқаша сипаттама есебімен: құрылыс алаңы, оның орналасқан жері, мөлшері, қазіргі жағдайы мен қолданылуы; аумақтың экологиялық жағдайы туралы берілгендер, көлік және инженерлік-құрылыс жағдайы; инженерлік коммуникация және ол бойынша өтетін немесе өнім сымдары аумағындағы, жоспарлы шектеулер мен заң күші бар құрылыс салу құжаттары мен ;

- снос талаптары бойынша; ғимараттар мен жабдықтарды ауыстыру; халықтың онша жинақы емес тобының тіршілік қызметі жағдайын қамтамасыз ету, қосымша құрылыспен толтыру, құрылыс салу концепциялары, мәдениет және табиғат ескерткіштері, оларды қорғау зоналары мен айрықша реттеу зоналары, жерасты кеңістігін қолдану мүмкіншіліктері ережелері;

- сәулет-жоспарлау тапсырмалары белгіленген талаптарды орындау;

- объектіні қамтамасыз ету үшін жобаланатын инженерлік ғимараттардың

ш е ш і м і н

с и п а т т а у ;

- жобаланатын объектінің негізгі сәулет-жоспарлау параметрлері. Учаскенің бас жоспары мен құрылыс салу бойынша шешім.

#### 4.2.3. Құрылыстық шешімдері құрайды:

- инженерлік-геологиялық жағдайлар туралы мәліметтер; құрылыс шешімінің негіздемесі және оның сәулеттік сәйкестігі, құрылыс салу талаптарын қоса алғандағы қызметтік белгісі, көлемін-жоспарлау және конструктивті шешімі тапсырыс берушінің талаптарына және техникалық жағдайға сай болуы;

- құрылысты ұйымдастыру жөніндегі негізгі ережелер;

- объектінің өрт қауіпсіздігі жарылыс, жылу қорғау, құрылыстың құрылымын тоттанудан қорғау, бөлмелерде жайлылықты талап етуді қамтамасыз ету ж ө н і н д е г і ш а р а л а р .

#### 4.2.4. Техникалық шешімдері құрайды:

Объектінің функционалды мақсаты; технология, технологиялық процестерді механикаландыру, автоматтандыру жөніндегі шешімдерді негіздеу және олардың тапсырыс беруші қойған деңгейге және еңбектің қауіпсіздігі, жайлылығы жөніндегі нормативтерге сәйкестігі.

#### 4.2.5. Инженерлік жабдықтар жөніндегі шешімдері енеді:

- инженерлік жабдықтар-жылу, желдеткіш, ауаны тазарту, газбен, сумен жабдықтау, канализация жөніндегі принципті шешімдерді негіздеу;

- инженерлік жүйелерді диспетчерлеу, автоматтандыру және басқару жөніндегі шешімдер, электр энергиясы жабдықтары, электр жарығы, найзағайдан қорғау жөніндегі принципті шешімдер, күзет және өрттен қорғауға белгі беру қ ұ р а л д а р ы ;

- су, жылу мен электр энергиясын тұтынуына бақылау орнату есептеу және реттеу шығындарын қоса есептегенде бақылау жөніндегі шаралары, инженерлік желілер мен жабдықтарды кезбе токтан қорғау жөніндегі шаралар;

- байланыс пен белгі беру құралдары, радиоландыру, теледидар жөніндегі шешімдер, еңбекке қолайлы жағдай жасауға арналған жабдықтар;

- өрттен сақтандыру шаралары жөніндегі жобалау шешімдері.

#### 4.2.6. Қоршаған ортаны қорғау.

Бөлім мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттарға, құрылыс нормалары мен ережелерін табиғатты қорғау қызметтерін реттейтін және басқа да нормативтік актілерге сәйкес әзірленеді.

#### 4.2.7. Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық шаралары.

Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық шаралары төтенше жағдайлар ескертуі жөніндегі шаралары. Осы бөлім азаматтық қорғаныс ережелері мен нормаларына сәйкес халықты және аумақты, табиғатты төтенше



жағдайлардан қорғаумен жүргізіледі.

#### 4.2.8 Құрылысты ұйымдастыру.

Осы бөлім қолданылымдағы нормативтерге сәйкес және құрылыс қызметі нарығы туралы деректер бар, жобалау жұмыстарын орындау шартында баяндалған

жағдайлар мен талаптарды ескеру арқылы әзірленеді.

#### 4.2.9. Сметалық құжаттама.

Осы нұсқаунаманың 4.1.10. тармағы қағидасына ыңғайластырылып әзірленеді.

4.2.10. Инвестиция мен техникалық-экономикалық көрсеткіштердің тиімділігі. Осы Нұсқаунаманың 4.1.11. тармағы қағидасына ыңғайластырылып әзірленді.

#### 4.2.11. Негізгі сызбалар:

- 1:5000, 1:10000 көлеміндегі ситуациялық жоспар;
- топографиялық негізде учаскенің бас жоспарының 1:500, 1:1000 көлеміндегі схемасы немесе бас жоспары; салмақ түсетін негізгі және қоршау құрастырмаларын схематикалық бейнелеу арқылы үйлер мен ғимараттар қабаттары, қасбеттері, қималар жоспары (жеке және қайталап қолданылатын жобалар бойынша);
- қайталап қолданылатын жобалар қабыстырылатын каталождық қағаздар;
- негізгі үй-жайлардың интерьері (жобалау тапсырмасына сәйкес жасалады);
- жеке сындарлы шешімдерді схематикалық бейнелеу;
- негізгі жабдықтарды орналастыру нормаларына және қабат бойынша жоспарларға сүйеніп технологиялық жинақтау;
- инженерлік жабдықты орналастырудың принципті схемалары;
- сыртқы инженерлік коммуникациялар трассасының схемасы;
- ішкі алаңдық желілер трассасы мен олардағы құрылыстар жоспары;
- объектіні электр энергиясымен жабдықтау схемасы;
- инженерлік жабдықтар құралдары мен санитарлық-техникалық құрылғыларды басқаруды автоматтандырудың принципті схемалары;
- байланыс пен белгі беруді ұйымдастыру схемалары;
- қоқыстан тазарту схемасы.

4.3. Жобалаушы ұйым тапсырыс берушімен бірге жобалау-ізденіс жұмыстарын орындау келісімінде берілетін жобалау-сметалық құжаттаманың санын анықтайды, ал егер ол болмаған жағдайда тапсырыс берушіге төрт данада

беріледі. Бөліп алушы жобалау ұйымы бас жобалаушыға құжаттаманы бес  
д а н а д а б е р е д і .

## 5. ЖҰМЫС ҚҰЖАТТАМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

### 5.1. Кәсіпорындар, үйлер және ғимараттар құрылысының жұмыс

құжаттамасының құрамы құрылыстағы жоба құжаттамасы жүйесінің тиісті мемлекеттік стандарттарымен анықталады және тапсырыс беруші мен бас жобалаушының жобалау шартында (контрактісінде) нақтылайды.

5.2. Мемлекеттік және салалық стандарттар, сондай-ақ жұмыс сызбаларында сілтеме жасалған үлгі құрастырмалары, бұйымдар мен тораптар сызбалары жұмыс құжаттамасы құрамына кірмейді, тек шартта айтылған жағдайда ғана, тапсырыс берушінің бас жобалаушысына белгіленген тәртіпте бере алады.

### А Қосымша

#### Өндірістік мақсаттағы объектілерді жобалауға тапсырма

---

(Жобаланушы кәсіпорын, үй және ғимарат атауы  
мен орналасқан жері)  
Негізгі деректер мен талаптар тізбесі

---

1. Жобалауға арналған негіздеме
2. Құрылыс түрі
3. Жобалау сатылығы
4. Нұсқалық және конкурстық талдама жөніндегі талап
5. Құрылыстың айрықша жағдайлары
6. Объектінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері, соның ішінде қуат, өнімділік, өндірістік бағдарлама
7. Өнімдердің бәсекелестік қабілеттілігі сапасы мен экологиялық өлшемдеріне қойылатын талаптар
8. Технологияға, кәсіпорын режиміне қойылатын талаптар
9. Сәулеттік-құрылыстық, көлемді-жоспарлау және сындарлы шешімдерге қойылатын талаптар
10. Кезектілікті және іске қосылатын кешендерді бөліп

көрсету, кәсіпорындарды келешекте кеңейту жөніндегі талаптар

11. Табиғатты қорғау өлшемдері мен шараларының талаптары және жағдайлары
12. Еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы режиміне қойылатын талаптар
13. Өндірісті бейімдеу жөніндегі талаптар
14. Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық шараларын және төтенше жағдайлардың алдын-алу

- жөніндегі шараларды әзірлеуге қойылатын талаптар
15. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын орындау жөніндегі талаптар
  16. Көруге қойылатын материалдар құрамы \_\_\_\_\_
- 

Жобалау тапсырмасының құрамы салалық ерекшелігі мен құрылыс түрін ескеру арқылы белгіленеді.

Жобалау тапсырмасымен бірге тапсырыс беруші төменде көрсетілгендей жобаны ұйымдастырудың бастапқы материалдарын береді:

Осы объекті құрылысы инвестициясының негіздемесін;

Объектіні орналастыру орнының алдын ала келісілгені туралы жергілікті атқарушы өкімет органының шешімін;

құрылысқа арналған жер бөлігін (трассаны) алу актісі мен оған қоса тапсырылатын материалдарды;

белгіленген тәртіпте жасалатын сәулеттік-жоспарлау тапсырмасын; жобаланып жатқан объектіні жабдықтау көздеріне, инженерлік желілер мен коммуникацияларға қосудың техникалық шарттарын;

объекті құрылысы туралы шешімді жұртшылықтың талқылауы туралы мағлұматтарды;

жабдықтар, соның ішінде жеке жасалған жабдықтар жөніндегі бастапқы деректерді;

технологиялық процестер мен жабдықтарды жасауға байланысты орындалған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жөніндегі қажетті деректерді;

түгендеу материалдары, үйлер мен ғимараттарды бұзу және бұзылатын үйлер мен ғимараттар үшін өтем сипаты туралы жергілікті атқарушы органдардың бағалау актілері мен шешімдерін;

жергілікті мемлекеттік қадағалау органдарынан алынған материалдарды, соның ішінде әлеуметтік-экономикалық жағдай, табиғат жайы және айналадағы табиғи орта жайының сипаттамасын бұрыннан бар ластау көздері туралы деректерді және табиғат қорғау органдарының талаптарына, құрылыс салынатын аудандағы санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға сәйкес келетін басқа да мағлұматтарды;

инженерлік іздестірулердің және тексерулердің қолда бар материалдарын, учаскедегі үйлер мен ғимараттардың, жер астындағы және жер бетіндегі желілер мен коммуникациялардың өлшем сызбаларын;

кәсіпорын өнімдерінің сызбалары мен техникалық сипаттамаларын; құрылыстың тендерлік құжаттамаларын (қажеттігі барысында) әзірлеуге тапсырма;

жұмыс істеп тұрған өндірістерді, үйлер мен ғимараттар құрастырмаларын

тексеру нәтижесі бойынша қорытындылар мен жасалған материалдарды;

жабдықтардың ерекшелігіне және олардың жайы туралы мағлұматтарға сәйкес жұмыс істеп тұрған цехтарды, учаскелерді технологиялық жоспарлау, жұмыс орнындағы еңбек жағдайы туралы деректерді;

уақытша үйлер мен ғимараттарды, көтеру-көлік машиналары мен механизмдерін орналастыру, құрылыс материалдары қойылатын орындар шарттарын;

басқа да материалдарды береді.

Б қосымша

Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерді жобалауға тапсырма

---

(Объектінің атауы мен орналасқан жері)

Негізгі деректе мен талаптар тізбесі

---

1. Жобалауға арналған негіздеме
2. Құрылыс түрі
3. Жобалау сатылығы
4. Нұсқалық және конкурстық талдама бойынша талап
5. Құрылыстың айрықша жағдайлары
6. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер, соның ішінде тұрғын үйлер немесе қоғамдық үйлер, олардың пайдаланылу мақсаты (қабаттар,

секциялар мен пәтерлер, сыйымдылығы, өткізу қабілеттілігі)

7. Тұрғын үйлерге жапсарлас салынған қоғамдық қызмет көрсету кәсіпорындарының пайдаланылу мақсаты және түрі, олардың қуаты, сыйымдылығы, өткізу қабілеті, үй-жайлардың құрамы және алаңы, құрылыс көлемі
8. Үйдің сәулеттік-жоспарлау шешімдеріне, өзара байланысу жағдайына, үйді әрлеуге қойылатын талаптар
9. Пәтерлердің ұсынылатын үлгілері мен олардың арақатынасы
10. Инженерлік және технологиялық жабдықтарға қойылатын негізгі талаптар
11. Инженерлік жабдықтарға қойылатын негізгі талаптар
12. Халықтың шағын ұтқыр топтарының тіршілік қызметі жағдайын қамтамасыз ету жөніндегі талаптар
13. Алаңды көркейту мен сәулеттік шағын нысандарға қойылатын талаптар
14. Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық шараларын және төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі шараларды әзірлеу бойынша талаптар
15. Көрсетілетін материалдарды жасау, олардың құрамы мен нысаны; жобалау мен құрылыс салу процесінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмысты орындау; Объектіде экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық шарттарды орындау қажеттігі туралы талаптар

---

Тапсырыс беруші жобалау тапсырмасымен бірге жобалау ұйымына мынадай құжаттар мен материалдарды береді:

- осы объекті құрылысы инвестициясының негіздемесін;
- объектіні орналастыру орнын алдын ала келісу туралы жергілікті атқарушы өкімет органының шешімін;

- сәулеттік-жоспарлау тапсырмасын;  
- құрылыс учаскесін нақтылы жоспарлаудың бекітілген жобасының қолда бар материалдарын;

- құрылыс учаскесін топографиялық түсірулердің қолда бар материалдары мен геологиялық және гидрологиялық іздестірулер деректерін;  
- бұрыннан бар және сақталатын құрылыстар мен екпе бұталар жөніндегі материалдарды ;

- жер бетіндегі және жер астындағы инженерлік құрылыстар мен коммуникациялар туралы мағлұматтарды;  
- ғимараттарды бұзу және бұзылатын құрылыстардың өтемі туралы

жергілікті атқарушы органдардың түгендеу материалдарын, бағалау актілері және шешімдерін;

- бөлінетін отын түрлері бойынша деректерді;  
- сыртқы инженерлік желілер мен коммуникацияларға қосылудың техникалық шарттарын;

- қоршаған ортаның ахуалдық жайы, адамдардың тұру жайлылығы, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер құрылысы маңында техногенді объектілердің және ықтималды авариялық оқиғалар барысында олар ықпал ететін аймақтардың болуы туралы мағлұматтарды;

- тағы басқа қосымша материалдарды береді.

#### В Қосымша

Өндірістік мақсаттағы объектілерге арналған техникалық-экономикалық көрсеткіштердің үлгі тізбесі

---

| Көрсеткіш атауы | өлшем бірлігі | Маңызы |
|-----------------|---------------|--------|
| 1.              | 2.            | 3. 4.  |

---

1. Кәсіпорын қуаты, жылына шығарылатын өнім: млн.теңге

- құнға шаққанда өлшем бірлігіне  
- заттай есептегенде сәйкес

2. Учаскенің жалпы алаңы Га

- |   |                |
|---|----------------|
| 3. Құрылыс салу коэффициенті                            | коэфф.         |
| 4. Қуат бірлігіне шаққанда үлестік шығын:               |                |
| электр энергиясы  | кВт сағат      |
| су  | текше метр     |
| жылу  | гкал           |
| табиғи газ  | мың текше м    |
| мазут   | т              |
| көмір   | т              |
| 5. Жұмыс істеушілердің жалпы саны                       | Адам           |
| 6. Жұмыс істеушінің шығаратын жылдық өнімі:             |                |
| құнға шаққанда  | мың теңге/адам |
| заттай есептегенде                                      | өлшем б/адам   |
| 7. Құрылыстың жалпы құны, соның ішінде                  | млн.теңге      |
| құрылыс монтаж жұмысы                                   | млн.теңге      |
| 8. Қуаттың үлесті капитал салымы                        | теңге/өлшем б. |
| 9. Құрылыстың ұзақтығы                                  | ай             |
| 10. Негізгі өндірістік қорлардың құны                   | млн.теңге      |
| 11. Өнімнің өзіндік құны                                | мың т/өл.б.    |
| 12. Баланстық (жалпы) пайда                             | мың.теңге      |
| 13. Таза пайда (кәсіпорынның таза пайдасы)              | мың.теңге      |
| 14. Өндіріс рентабельділігінің деңгейі                  | %              |
| 15. Кірістің ішкі нормасы                               | %              |
| 16. Өтелу мерзімі                                       | жыл            |
| 17. Кредитті және басқа да заемдық қаржыны өтеу мерзімі | жыл            |

Ескерту: Кәсіпорындарды, үйлерді және ғимараттарды кеңейту, қайта жаңарту мен техникалық қосымша жарақтандыру жобалары бойынша техникалық-экономикалық көрсеткіштер осы Нұсқаунаманың 4.1.11-тармағы талаптарына сәйкес келтіріледі.

#### Г Қосымша

Қоғамдық ғимараттар мен үйлерге арналған техникалық-экономикалық көрсеткіштердің үлгі тізбесі

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
|---|---|---|---|

|     |  |            |              |
|-----|--|------------|--------------|
| 1.  | Қуаты, сыйымдылығы, өткізу қабілеті бірлігі                  |            | тиісті өлшем |
| 2.  | Жер учаскесінің жалпы алаңының көлемі                        |            | га           |
| 3.  | Үйлер мен ғимараттардың жалпы алаңы                          |            | шаршы метр   |
| 4.  | Құрылыс көлемі   | текше метр |              |
| 5.  | Алаңның бір өлшеміне энергетика ресурсының үлестік шығыны    |            | ш.о.т.       |
| 6.  | Құрылыстың, соның ішінде құрылыс-монтаж жұмысының жалпы құны |            | млн.теңге    |
| 7.  | Құрылыстың ұзақтығы, с. I. құрылыс-монтаж жұмысы             |            | ай           |
| 8.  | Объектінің сапалық сипаттамасы                               |            |              |
| 9.  | Баланстық (жалпы) пайда (қажеттігі болғанда)                 |            | мың теңге    |
| 10. | Таза пайда қажет болғанда                                    |            | мың теңге    |
| 11. | Өтелу мерзімі  | жыл        |              |

**ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ҮЛГІ ТІЗБЕСІ**

| 1                  | 2                          | 3             | 4      |
|--------------------|----------------------------|---------------|--------|
| Көрсеткіштер атауы |                            | өлшем бірлігі | Мәні   |
| 1.                 | Пәтерлер саны, сыйымдылығы |               | бірлік |
| 2.                 | Құрылыс көлемі             | текше метр    |        |



- |   |           |
|---|-----------|
| 3. Жалпы алаңының көлемі  | шаршы     |
| метр  |           |
| 4. Тұрғын алаңының көлемі   | шаршы     |
| метр  |           |
| 5. Тұрғын алаңының өлшем бірлігіне сәйкес жалпы алаңға арақатынасының коэффициенті          |           |
| 6. Құрылыстың жалпы құны, соның ішінде құрылыс-монтаж жұмысының құны                        | млн.теңге |
| 7. Алаңның (жалпы тұрғын алаңның) 1 шаршы метрінің, с.і. құны құрылыс-монтаж жұмысының құны | млн.теңге |
| 8. Бір пәтердің орташа құны   | млн.теңге |
| 9. Жалпы алаңның 1 шаршы метріне энергетика ресурстарының үлестік шығыны                    | ш.о.т.    |
| 10. Табиғи жарық  |           |
| 11. Құрылыстың ұзақтығы   | ай        |
- 

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.